

"Қазконтракт" Республикалық контракт корпорациясы" акционерлік қоғамында "Алтын акция" енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 16 қыркүйек 1994 ж. N 1025

"Қазконтракт" акционерлік қоғамының қызметін мемлекеттік реттеуді жетілдіру мақсатында және "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру барысында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін мемлекеттік реттеу мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 шілдедегі N 606 Р930606_ қаулысымен бекітілген "Алтын акция туралы" Ереженің негізінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1994 жылдың 1 қыркүйегінен бастап "Қазконтракт" акционерлік қоғамында мемлекет меншігіне жататын және "Алтын акция туралы" Ережеде келтірілген мәселелер бойынша акционерлік қоғамның басқару органдары шешім қабылдаған кезде veto қою құқығы бар "Алтын акция" енгізілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті бақылау кеңесінде және "Қазконтракт" акционерлік қоғамы акционерлерінің жалпы жиналыстарында мемлекеттің ("Алтын акция" атынан дауыс беретін) өкілінің кандидатурасын белгілесін.

3. "Қазконтракт" акционерлік қоғамы акцияларының мемлекеттік пакеті қолданылып жүрген заңдарға сәйкес сатылатын болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі